

Балалардың жеке диагностикалық тексеру картасы

Жылдың соңы

Баланың аты –жөні: Жусупова Айша

Туған жылы: 27.08.2020ж.

Топ: «Құлагер»

Мақсаты:

Бала дамуының негізгі психикалық процестерін (зейін, қабылдау, ойлау, сөйлеу, есте сақтау, эмоциялық-ерік және моторлық даму) зерттеу, жеке ерекшеліктерін анықтау және түзету бағыттарын белгілеу.

р/с	Қолданылатын әдістеме	Нәтиже
1	<p>Зейін мен қабылдауды анықтау Мақсаты: назар тұрақтылығын, шоғырлану мен көру-қабылдау дәлдігін бағалау. -«Артық суретті тап» — 10 заттың ішінен сәйкес келмейтінін көрсету -«Ұқсас суреттерді тап» — бірдей заттарды табу -«Пішіндерді біріктіріңіз» — түстер мен пішіндерді жұптау -«Қатесін тап » — суреттегі ұсақ қателерді табу.</p>	<p>10 заттың ішінен сәйкес келмейтін заттарды тауып көрсетті. Ұқсас суреттерді табу кезінде сәл қиналды. Барлық пішіндерді толық тапты. Суреттегі ұсақ қателерді толығымен таппады.</p>
2	<p>Есте сақтауды тексеру Мақсаты: қысқа мерзімді есте сақтауды бағалау. -«4 жолды өлең жатта» — балаға 4 жолды өлеңді қайталатып жаттату. -«Қайталашы» — 7-8 қарапайым сөзді қайталау (мысалы: мысық, алма, үй, бала, ит, сағат, доп, машина.)</p>	<p>Төрт жолдық өлеңді жаттау қиынға соқты. Қарапайым сөздерді алтауын толық қайталады</p>
3	<p>Сөйлеу және ойлау дамуы Мақсаты: сөздік қоры мен логикалық ойлануын анықтау. -«Сурет бойынша әңгіме құрастыру» -«Не үшін керек?» ойыны (қасық – жеу үшін, қалам – жазу үшін) -Қарама-қарсы ұғымдарды атау (үлкен – кіші, жылы – суық) -«Заттарды топтастыр» (жемістер, киімдер, ойыншықтар)</p>	<p>Сурет бойынша әңгімені қысқа айтып берді, заттардың не үшін қажет екенін түсіндіріп берді. Жауаптары қысқа болды. Біледі, топтастыра алды.</p>
4	<p>Ұсақ моторика Мақсаты: саусақ қозғалысын, үйлесімділігін бағалау. -Құм және дәндер -Суреттерді сәйкестендір. -Ірі моторика, түстерді сәйкесінше шеңберге дәл түсіру. -Нейрожаттығу орындау.</p>	<p>Құм мен дәндерді бір бірінен ажыратты. Сәйкес тендірді. Шеңберге лақтыра алды, кей шеңберлерге дәл түсіруде кей кездері түспеді. Орындады.</p>
5	<p>Эмоциялық-ерік аймағы</p>	

	<p>Мақсаты: көңіл-күйі мен эмоциялық тұрақтылығын анықтау.</p> <p>-«Болады - болмайды» — теріс эмоцияны теріске қояды, дұрысты, дұрысқа қояды.</p> <p>-«Эмоциялар картотекасы» суреттерін талдау</p>	<p>Барлығын толығымен қойып шықты.</p> <p>Талдады қысқа.</p>
6	<p>Әлеуметтік бейімделу</p> <p>Мақсаты: ересектермен және балалармен қарым-қатынасын анықтау.</p> <p>Бақылау барысында:</p> <p>-Тапсырма кезінде белсенділігі</p> <p>-Көмек сұрай ма, жоқ па</p> <p>-Қарым-қатынасқа түсуі</p>	<p>Орташа, жоқсұрамайды, Жақсы</p> <p>Тапсырмаларды орындауда баяу немесе көп ойланады.</p>

Даму деңгейі

Зейін мен қабылдау: Айша артық заттарды дұрыс анықтап, пішіндерді толық сәйкестендірді. Ұқсас суреттерді табу кезінде аздаған қиындықтар байқалды. Суреттегі ұсақ қателерді ішінара ғана анықтады. Бұл көру-қабылдау дағдыларының қалыптасқанын, бірақ зейіннің тұрақтылығы мен ұсақ бөлшектерге назар аудару қабілетін әлі де дамыту қажеттігін көрсетеді.

Есте сақтау: Қысқа мерзімді есте сақтау қабілеті жеткілікті деңгейде қалыптасқан. Төрт жолды өлеңді жаттау барысында қиындықтар байқалды. Берілген қарапайым сөздердің 6-ын дұрыс қайталап айтты. Есте сақтау көлемі жас ерекшелігіне сәйкес қалыптасу үстінде.

Сөйлеу және ойлау дамуы: Сурет бойынша қысқаша әңгіме құрастыра алады. Заттардың қызметін түсіндіреді және топтастыру тапсырмаларын орындайды. Қарама-қарсы ұғымдарды біледі. Дегенмен жауаптары қысқа, ойын толық жеткізуге қиналады. Логикалық ойлау дағдылары қалыптасқан, байланыстырып сөйлеуді дамыту қажет.

Ұсақ моторика: Құм мен дәндерді ажыратып, сәйкестендіру тапсырмаларын орындады. Ірі моторика тапсырмаларында түстерді сәйкес шеңберлерге бағыттай алды, бірақ дәлдікте кейбір қателіктер болды. Нейрожаттығуларды орындады. Қол-қимыл үйлесімділігі жас ерекшелігіне сәйкес дамып келеді.

Эмоциялық-ерік аймағы: Жағымды және жағымсыз әрекеттерді дұрыс ажыратады. Эмоцияларды таниды және талдай алады, бірақ эмоциялық жағдайларды сипаттауда қысқа жауап береді. Жалпы эмоцияларды түсіну деңгейі қалыптасқан.

Әлеуметтік бейімделу: Ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынасқа түсуі жақсы. Көмек сұрауға аса бейім емес, тапсырмаларды өз бетінше орындауға тырысады. Тапсырмаларды орындау барысында баяу жұмыс істейді және жауап бермес бұрын ұзақ ойланады. Бұл оның тапсырманы мұқият орындауға ұмтылатынын көрсетеді.

Ұсыныстар

-Зейіннің тұрақтылығын дамыту үшін «Қатесін тап», «Не өзгерді?», «Айырмашылығын тап» ойындарын жүйелі өткізу.

-Есте сақтау қабілетін жетілдіру мақсатында қысқа өлеңдер, жаңылтпаштар және сөз тізбектерін жаттау жұмыстарын ұйымдастыру.

- Баланы толық сөйлеммен жауап беруге ынталандырып, сурет бойынша әңгіме құрастыру тапсырмаларын көбейту.
- Сөздік қорын байыту үшін күнделікті әңгімелесу, ертегі мазмұнын айтқызу және сұрақ-жауап жұмыстарын жүргізу.
- Ұсақ моториканы дамыту үшін саусақ жаттығулары, мозаика құрастыру, сурет салу және ермексазбен жұмыс түрлерін жалғастыру.
- Эмоцияларды сөзбен жеткізуге үйретіп, түрлі жағдаяттар бойынша «Не сезініп тұрсың?» сұрақтарын қолдану.
- Тапсырмаларды орындау жылдамдығын біртіндеп арттыруға бағытталған ойындарды енгізу.
- Өз бетінше әрекет етуін қолдап, жетістіктерін мадақтап отыру.
- Құрдастарымен бірлескен ойындарға қатыстыру арқылы әлеуметтік қарым-қатынас дағдыларын дамыту.

Қорытынды

Айшаның танымдық, эмоциялық және әлеуметтік дағдылары жас ерекшелігіне сай қалыптасқан. Ұсақ моторикасы жақсы дамыған. Зейін тұрақтылығы, есте сақтау көлемі және байланыстырып сөйлеу дағдылары бойынша қосымша дамыту жұмыстары қажет. Жалпы даму деңгейі орташа-жақсы деңгейде, әрі қарай жүйелі қолдау көрсетілген жағдайда даму көрсеткіштері жақсара түседі.

Зерттелген күні: «29» 04.2026 жыл.

Педагог-психолог: Каменова Жанар Забинулловна